1.4 Степногор қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Степногор қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (1.3-сур., 1.5-кесте).

1.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы	Аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербеті)



1.3 сур. Степногор қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Тұрақты бақылау желісіне сәйкес (1.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластанудың **төмен деңгейімен** сипатталады, ол СИ мәні 0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


1.5 Атбасар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атбасар қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.4 сурет, 1.6 кесте).

1.6 кесте

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы 3 құрылыс	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді



1.4 сурет. Атбасар қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

Ауа ластануын жалпы бағалау. Тұрақты бақылау желісіне сәйкес (1.4 сур.) қаланың атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі деңгеймен** сипатталды, ол СИ мәні 4,3 (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары 3,8 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 4,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

1.6 Ақмола облысының эпизодтық мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ақмола облысында атмосфералық ауаның ластануына бақылау Калачи ауылда 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – мектеп аумағында, 2 нүкте – ескі гидропост ауданы), Зеренді ауылында 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – Зеренді МС, 2 нүкте – Синильга қонақ үйі ауданы), Макинск қаласының 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – музыкалық мектебінің ауданы, 2 нүкте – Фурманов, Лихачев көшелерінің қиылысы).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсутектің және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Эпизодтық бақылау деректері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.6, 1.7, 1.8-кестелер).

1.6-кесте

Ақмола облысының Калачи кентінің эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	1-точка		2-точка	
	q _м мг/м ³	qm/ШЖШ	q _м мг/м ³	qm/ШЖШ
Аммиак	0,07	0,339	0,12	0,617
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,05	0,109	0,05	0,098
Азот диоксиді	0,005	0,025	0,01	0,061
Күкірт диоксиді	0,048	0,095	0,038	0,077
Азот оксиді	0,008	0,021	0,031	0,076
Көміртегі оксиді	0,998	0,199	1,010	0,202
Көмірсутектер	19,4		20,3	
Формальдегид	0,015	0,290	0,009	0,169

1.7-кесте

Ақмола облысының Зеренді кентінің эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры.

Анықталатын қоспалар	1 точка		2 точка	
	q _м мг/м ³	qm/ПДК	q _м мг/м ³	qm/ПДК
Аммиак	0,07	0,33	0,02	0,08
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,06	0,11	0,09	0,17
Азот диоксиді	0,009	0,05	0,01	0,049
Күкіртдиоксиді	0,062	0,126	0,021	0,042
Азот оксиді	0,01	0,03	0,009	0,02

Көміртегіоксиді	1	0,2	1,5	0,3
Көмірсутектер	17,8		19,0	
Формальдегид	0,007	0,131	0,018	0,363

1.8-кесте

Ақмола облысы Макинск қаласының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	1-точка		2-точка	
	q _m мг/м ³	qm/ШЖШ	q _m мг/м ³	qm/ШЖШ
Аммиак	0,072	0,360	0,013	0,154
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,096	0,192	0,094	0,189
Азот диоксиді	0,015	0,076	0,009	0,043
Күкірт диоксиді	0,065	0,131	0,096	0,192
Азот оксиді	0,096	0,241	0,074	0,184
Көміртегі оксиді	3,6	0,7	1,7	0,3
Көмірсутектер	39,1		47,9	
Формальдегид	0,007	0,132	0,009	0,186


1.7 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) ауданындағы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

ЩБКА аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 8 стационарлық бекетте жүргізілді (1.8 сур.,1.6-кесте).

1.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минутсайын	Автоматты түрде	Кешенді фондық мониторинг станциясы (КФМС) «Боровое»	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (приземный),күкіртсутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
2			Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С.Сейфуллин мектебі аумағы)	PM-2,5қалқыма бөлшектер, PM-10қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірт сутегі,аммиак, көміртек диоксиді
3			Щучинский санаторий кенті, санаторий«Щучинск» ЖШС аумағында	
5			Шоссейная көшесі, №171	PM-2,5қалқыма бөлшектер, PM-10қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірті сутек,аммиак



1.8 сур. ЩБКА ауданында атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Боровое КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.9-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды. СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1.2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша (1.4 сур.) қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды. СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1-кесте).

Ластаушы заттардың орташа шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды-бір реттік шоғыры 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

1.8 Ақмола облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 26 су объектісінде: Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Жабай, Сілеті, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ өзендері, Вячеславское су қоймасы, Нұра-Есіл арнасы және Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей, Қатаркөл, Текекөл, Майбалық, Лебяжье көлдері) жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Есіл өзені:

– Тургеневка а., 1,5 км солт.-тен қарай оңтүстікке, Тургеневка ауылынан , 1,5 км төмен су бекеті тұстамасында: сапа 4 класқа жатады: магний – 28,4 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., Астана қаласынан 3 км жоғары, «Астана су Арнасы» сарқынды суды бұрудан 2 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,7 мг/дм³, минерализация – 1409 мг/дм³, сульфаттар – 407 мг/дм³. Магний, сульфаттар және минерализацияның концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., темір құю цехынан 0,5 км төмен: 3 класқа жатады: магний – 46,6 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., қалалық саябақтағы жүргіншілер көпірінен 0,1 км төмен: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 30,0 мг/дм³, минерализация – 1248 мг/дм³. Магний және минерализацияның концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қаласынан 8 км төмен, Көктал кенті: су сапасы 4 класс: фторидтер – 1,59 мг/дм³. Фторидтердің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Есіл қ. (Каменный карьер а.), Щербазуыттың солтүстік-батыс шеті тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 43,6 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

Есіл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0-5,9°С, сутегі көрсеткіші 8,2-8,4, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,11-10,85 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 1,67-2,45 мг/дм³, түсі– 20-25 градус; иісі– 0 балл.

Есіл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,3 мг/дм³.

Вячеславское су қоймасында – судың температурасы 0-6,0°С, сутегі көрсеткіші 7,70-8,33, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,25-11,1мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,57-1,62 мг/дм³, түсі – 20 градус, иісі– 0 балл.

- Арнасай а., Арнасай ауылынан 2 км. СШ, су бекеті тұстамасында: Вячеславское су қоймасы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,199 мг/дм³, ОХТ – 23,7 мг/дм³, молибден – 0,0020 мг/дм³. Жалпы фосфор, молибден және ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды.

Нұра өзені:

– Романовка а., ауылдан 5 км төмен, су бекеті тұстамасында: су сапасы-4 класқа жатады: магний – 48,3 мг/дм³, сульфаттар – 362 мг/дм³. Магний және сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады.

– Шлюздар, су бекеті тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,9 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Қорғалжын а., ауыл көпірі жанында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,7 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0-5,8°С, сутегі көрсеткіші 8,32-8,38, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,84-9,76 мг/дм³, ОБТ₅орта есеппен – 0,76-1,51 мг/дм³, түсі–25-30 градус, иісі– 0 балл.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,3 мг/дм³.

Нұра-Есіл арнасы:

– Ақмола обл., арна басы, су бекеті тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,2 мг/дм³. Магнийдың концентрация фондық кластан аспайды.

– Пригородное а., автокөлік көпірі жанында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,4 мг/дм³, сульфаттар – 426 мг/дм³, минерализация – 1401 мг/дм³. Магний, сульфаттар және минерализацияның концентрациясы фондық кластан аспайды.

Нұра-Есіл арнасының ұзындығы бойынша судың температурасы 0-5,7°C, сутегі көрсеткіші 7,45-8,47, суда еріген оттегінің концентрациясы– 9,07-10,4 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 1,88-1,69 мг/дм³, түсі – 25 градус, иісі– 0 балл.

Нұра-Есіл арнасының ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 44,8 мг/дм³, сульфаттар – 352 мг/дм³.

Ақбұлақ өзені:

– Астана қ., 1 темір жол көпірі астында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 467 мг/дм³, магний – 162 мг/дм³, фторидтер – 9,7 мг/дм³, хлоридтер – 1222 мг/дм³, минерализация – 3086 мг/дм³. Кальций, магний, хлоридтер, фторидтер және минерализацияның концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., су сүзу станциясынан кейін: су сапасы нормаланбайды(>5 класс): кальций – 218 мг/дм³, фторидтер – 4,6 мг/дм³, хлоридтер – 492 мг/дм³. Кальций, хлоридтер және фторидтердің концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., нөсер канализациясы тұндырғыш шығарылымына дейін: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 214 мг/дм³, фторидтер – 4,2 мг/дм³, хлоридтер – 488 мг/дм³. Кальций, фторидтер және хлоридтердің концентрациясы фондық кластан асады.

Ақбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0-5,0 °C, сутегі көрсеткіші 6,8-7,97, суда еріген оттегінің концентрациясы – 6,72-10,17 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,64-2,23 мг/дм³, түсі–20-25 градус, иісі– 0-1 балл.

Ақбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы нормаланбайды(>5 класс): кальций – 300 мг/дм³, минерализация – 2026 мг/дм³, фторидтер – 6,19 мг/дм³, хлоридтер – 734 мг/дм³.

Сарыбұлақ өзені:

– Астана қ., т/ж көпірі астында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 37,4 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., Қарасай-Батыр көшесімен, көпірден төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48 мг/дм³, жалпы фосфор– 0,62 мг/дм³, сульфаттар – 358 мг/дм³. Магний, жалпы фосфор және сульфаттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., 7-ші насос станциясынан кейін: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний - ион – 3,9 мг/дм³, минерализация – 2496 мг/дм³, хлоридтер – 735 мг/дм³. Аммоний - ионның, хлоридтер және минерализацияның концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., Тілендиев к. көпір астында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний - ион – 5,44 мг/дм³, магний – 114 мг/дм³, минерализация – 2373 мг/дм³, хлоридтер – 742 мг/дм³. Аммоний - ион, магний, хлоридтер және минерализацияның концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., Есіл өз. құяр жерінен 0,2 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний -ион – 6,79 мг/дм³, хлоридтер – 591 мг/дм³. Аммоний-ион және хлоридтердің концентрациясы фондық кластан асады.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0-4,93°C, сутегі көрсеткіші – 7,57-7,78, суда еріген оттегінің концентрациясы – 4,43-8,34 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,7-2,19 мг/дм³, түсі – 20-30 градус, иіс– 0-1 балл.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний-ион – 3,6 мг/дм³, хлоридтер – 503 мг/дм³.

Сұлтанкелді көлі:

Сұлтанкелді көлінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0-6,2°C, сутегі көрсеткіші – 7,8-8,50, суда еріген оттегінің концентрациясы– 7,72-9,13 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен –1,49-2,21 мг/дм³, түсі–25 градус, иіс– 0 балл.

Қаражар кордонындағы, су бекетінің тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 35 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды.

Жабай өзені:

- Атбасар қ. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (< 5 кластан): ОХТ – 39,0 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

- Балкашино а. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (< 5 кластан): ОХТ– 40,0 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

Жабай өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 7,8-9,8°C, сутегі көрсеткіші – 8,13-8,24, суда ерітілген оттегінің концентрациясы –10,06-12,8 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,66-1,14 мг/дм³, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

Жабай өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (< 5 кластан): ОХТ – 40,0 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

Сілеті өзені:

Сілеті өзенінде су температурасы 12,4°C, сутегі көрсеткіші – 8,40, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,3 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,79 мг/дм³, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

- Степногорск қ. тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 30,3 мг/дм³.

Ақсу өзені:

Ақсу өзенінде су температурасы 13,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,47, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 13,1 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,48 мг/дм³, түсі – 25 градус, иісі – 0 балл.

- Степногорск қ. тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 122 мг/дм³, минерализация - 2625 мг/дм³, ОХТ – 58,6 мг/дм³, хлоридтер – 794 мг/дм³, марганец – 0,134 мг/дм³.

Беттібұлақ өзені:

Беттібұлақ өзенінде су температурасы 0-5,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,41-7,53, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,98-11,95 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,49-0,74 мг/дм³, түсі – 10-40 градус, иісі – 0 балл.

- Золотой Бор кордоны тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқымалы заттар – 12,1 мг/дм³. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қылшықты өзені:

- Көкшетау қ., Кірпіш зауыты ауданы тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 1,046 мг/дм³, ОХТ – 84,9 мг/дм³.

- Көкшетау қ., “Аққу” балабақшасы ауданы тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,458 мг/дм³, ОХТ – 81,6 мг/дм³.

Қылшықты өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-6,8°C, сутегі көрсеткіші – 7,58-8,34, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 3,46-12,62 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,15-2,14 мг/дм³.

Қылшықты өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,752 мг/дм³, ОХТ – 83,2 мг/дм³.

Шағалалы өзені:

- Көкшетау қ., Заречный а. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,337 мг/дм³, ОХТ - 35,8 мг/дм³.

- тұстама Көкшетау қ., Красный Яр а. су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ХПК – 41,3 мг/дм³, марганец – 0,189 мг/дм³.

Шағалалы өзені бойынша су температурасы 0-7,2°C, сутегі көрсеткіші – 7,78-8,61, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,48-12,87 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,24-1,82 мг/дм³.

Шағалалы өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,263 мг/дм³, ОХТ – 38,6 мг/дм³.

Зеренді көлі:

Зеренді көлі су температурасы 0-10,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,81-8,89, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,40-11,79 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,66-1,64 мг/дм³, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

- Зеренді а., су бекетінің тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 65,2 мг/дм³, фторидтер – 2,82 мг/дм³. ОХТ, фторидтер концентрациясы фондық кластан асады.

Қопа көлі:

Қопа көлі су температурасы 0-9,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,21-8,40, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 7,33-13,93 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,32-3,95 мг/дм³, түсі – 15-20 градус, иісі – 0 балл.

- Көкшетау қ., су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 44,6 мг/ дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

Бурабай көлі:

Бурабай көлі су температурасы 0-9,2°C, сутегі көрсеткіші – 7,79-8,09, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,14-11,21 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,23-1,52 мг/дм³, түсі – 15-20 градус, иісі – 0 балл.

- Бурабай а., су бекетінің тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 43,0 мг/дм³, фторидтер – 2,72 мг/дм³. ОХТ, фторидтер концентрациясы фондық кластан асады.

Үлкен Шабакты көлі:

Үлкен Шабакты көлі су температурасы 0-9,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,60-8,73, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,41-10,71 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,49-0,66 мг/дм³, түсі – 5-10 градус, иісі – 0 балл.

- МС Бурабай, су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 56,6 мг/дм³, фторидтер – 11,94 мг/дм³. Фторидтердің, ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

Щучье көлі:

Щучье көлі су температурасы 0-12,4°C, сутегі көрсеткіші – 7,96-8,20, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,93-11,46 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,49-0,66 мг/дм³, түсі – 5-10 градус, иісі – 0 балл.

- Щучье қ., су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер – 6,44 мг/дм³. Фторидтердің концентрациясы фондық кластан асады.

Кіші Шабакты көлі:

Кіші Шабакты көлі су температурасы 0-9,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,71-8,83, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,23-11,3 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,82-1,33 мг/дм³, түсі – 5-10 градус, иісі – 0 балл.

- Ақылбай а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 335,7 мг/дм³, минерализация – 4840 мг/дм³, ОХТ – 80,6 мг/дм³, фторидтер – 11,59 мг/дм³, хлоридтер – 1723 мг/дм³. Магний, минерализация, хлоридтер, ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидтердің концентрациясы фондық кластан асады.

Сұлукөл көлі:

Сұлукөл көлі су температурасы 0-14,4°C, сутегі көрсеткіші – 7,09-7,22, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 7,46-10,77 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,94-1,74 мг/дм³, түсі – 75-80 градус, иісі – 0 балл.

- резиденция «Сұлукөл», пирстен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 69,8 мг/дм³, фторидтер – 3,18 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидтердің концентрациясы фондық кластан асады.

Карасье көлі:

Карасье көлі су температурасы 0-10°C, сутегі көрсеткіші - 7,34-7,70, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,99-10,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,87-1,41 мг/дм³, түсі – 20-25 градус, иісі – 0 балл.

- резиденция «Карасу», пирстен тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 38,1 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды.

Жүкей көлі:

Жүкей көлі су температурасы 0-10,8°C, сутегі көрсеткіші – 7,94-8,99, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 6,51-11,58 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,73-1,52 мг/дм³, түсі – 10-45 градус, иісі – 0 балл.

- Жукей а. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 262,6 мг/дм³, минерализация – 3734 мг/дм³, ОХТ – 63,7 мг/дм³, фторидтер – 2,49 мг/дм³, хлоридтер – 1006 мг/дм³.

2019 жылғы 4 тоқсан бойынша Ақмола облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесі түрде бағаланады: 2 класс- Вячеславское су қоймасы; 4 класс – Есіл, Нұра, Сілеті өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Сұлтанкелді көлі; 5 класс – Беттібұлақ өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Жабай, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендері, Зеренді, Қопа, Бурабай, Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Сұлукөл, Карасье, Жүкей көлдері (4-кесте).

1.9 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық стансада (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Боровое» КФМС, Егінлікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізіледі (1.10 -сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,03 – 0,44 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,10 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.10-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1 – 2,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.9 сур. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (2.1-сур., 2.1-кесте).

2.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром
5			Ломоносов көшесі, 7	қалқыма бөлшектер (шан), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, ерігіш сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4Г	қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
3			Есет-батыр көшесі, 109А	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
6			Жанқожа-батыр көшесі, 89	қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, азот оксиді, азот диоксиді, аммиак, озон (жербетті)



2.1-сурет. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластану **жоғары деңгейде** сипатталды, ол СИ мәні 9,2 тең (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=2 (көтеріңкі деңгей) күкіртсутек бойынша № 2 бекет (Рысқұлов көшесі, 4Г) маңында мәнімен анықталды.

Озонның (жербеті) орташа шоғыры 1,1 ШЖШ_{о.т} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғыры – 1,9 ШЖШ_{м.б}, көміртек оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б}, күкірсутегі – 9,2 ШЖШ_{м.б}, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 2,6 ШЖШ_{м.б}, РМ– 2,5 қалқыма бөлшектер – 1,5 ШЖШ_{м.б}, озон – 1,0 ШЖШ_{м.б}, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

2.2 Қандыағаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қандыағаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот тотығы, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Күкіртсутегінің максималды бір реттік шоғыры 1 нүктеде – 1,1 ШЖШ_{м.б}, 2 нүктеде – 1,1 ШЖШ_{м.б}, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 2.2).

2.2-кесте

Қандыағаш қаласындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0900	0,0300	0,0530	0,0089
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000
Көміртегі оксиді	0,0149	0,0030	0,0089	0,0018
Азот диоксиді	0,0191	0,0955	0,0178	0,0892
Азот оксиді	0,0048	0,0119	0,0063	0,0158
Күкіртсутегі	0,0241	3,0125	0,0089	1,1092
Аммиак	0,0056	0,0281	0,0029	0,0145
Формальдегид	0,0041	0,0814	0,0024	0,0487

2.3 Кеңқияқ ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Кеңқияқ ауылындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі -Жеңіс даңғылы*).

Өлшенген заттар РМ 10, азот тотығы, азот қостотығы, күкірт қостотығы, көміртек тотығы, күкіртсутек, аммиак және формалділік мөлшерінің концентрациялары анықталды.

Күкіртсутегінің максималды бір реттік шоғыры 1 нүктеде – 4,3 ШЖШ м.б, 2 нүктеде – 4,6 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 2.3).

2.3-кесте

Кеңқияқ ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0450	0,1500	0,0400	0,1333
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000
Көміртегі оксиді	0,0134	0,0027	0,0121	0,0024
Азот диоксиді	0,0175	0,0875	0,0097	0,0483
Азот оксиді	0,0076	0,0191	0,0046	0,0116
Күкіртсутегі	0,0371	4,6425	0,0341	4,2625
Аммиак	0,0040	0,0202	0,0041	0,0205
Формальдегид	0,0041	0,0826	0,0044	0,0880

2.4 Шұбаршы ауылының эпизодтық бақылауына сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйі

Шұбаршы ауылындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 -кенттің ортасында, №2 –кенттің оңтүстік бөлігінде*).

Өлшенген заттар РМ-10, азот тотығы, азот қостотығы, күкірт қостотығы, көміртек тотығы, күкіртсутек, аммиак және формалділік мөлшерінің концентрациялары анықталды.

Күкіртсутегінің максималды бір реттік шоғыры 1 нүктеде – 2,9 ШЖШ м.б, 2 нүктеде – 3,2 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-2.4).

2.4-кесте

Шұбаршы ауылындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталушы қоспалар	Жинау нүктесі			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
РМ 10 қалқыма бөлшектер	0,0340	0,1133	0,0340	0,1133
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0000	0,0081	0,0163
Көміртек оксиді	0,0085	0,0017	0,0078	0,0016
Азот диоксиді	0,0146	0,0730	0,0141	0,0705
Азот оксиді	0,0045	0,0112	0,0065	0,0163
Күкіртсутегі	0,0229	2,8625	0,0259	3,2375
Аммиак	0,0061	0,0306	0,0039	0,0195
Формальдегид	0,0051	0,1026	0,0032	0,0636

2.5. Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су нысанында: Елек өзенінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Елек өзені:

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 65,7 мг/дм³, фенолдар – 0,0013 мг/дм³. Магний мен фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы нормаланады (>5 класқа): қалқыма заттар – 23,17 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,8 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 68,6 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 4

класқа жатады: магний – 63,4 мг/дм³, хром (6+) – 0,208 мг/дм³. Магнийдің, хром (6+) концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 67,7 мг/дм³, хром (6+) – 0,116 мг/дм³. Магнийдің, хром (6+) концентрациясы фондық кластан кластан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 1 - 11,5°C, сутегі көрсеткіші 8,01 – 8,29, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,75–13,06 мг/дм³, ОБТ₅ 0,9 – 2,83 мг/дм³, мөлдірлігі 20-21 см, иісі – 0 балл.

Елек өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 61,3 мг/дм³, хром (6+) – 0,162 мг/дм³.

-**Қарғалы өзені**, Қарғалы ауылы, ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің оң жақ беткейінен 1 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: фенолдар – 0,005 мг/дм³. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 7°C, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,77 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,52 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

-**Қос-Естек**, Қос-Естек ауылы, ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде шамамен атауы жоқ су сағасының сол жақ беткейінен 1 км жоғары, Таранғұл және Айтпай өзендерінің суы қосылған жерінен 2 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,98 мг/дм³, фенолдар – 0,005 мг/дм³. Қалқыма заттардың, фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 10°C, сутегі көрсеткіші 8,03, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,51 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,37 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Ақтасты өзені, Белогорка ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейі, Ақтасты құрайтын Тересбұтақ және Теренсай өзендерінің су қосылған жерінен 9 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ион – 2,0 мг/дм³. Аммоний-ионның концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 8°C, сутегі көрсеткіші 7,79, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,03 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,91 мг/дм³, мөлдірлігі – 19 см, иісі – 0 балл.

Ойыл өзені, Ойыл ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейінде автожол көпірінен (белдемінен) 92 м жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 60,6 мг/дм³, минерализация – 1554. Магнийдің, минерализацияның концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 12°C, сутегі көрсеткіші 8,04, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,13 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,57 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Үлкен Қобда, Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол көпірінен (белдемінен) 400 м төмен: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 52,7 мг/дм³, минералдану – 1405 мг/дм³. Магнийдың, минералданудың концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 10°C, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,10 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,33 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

- **Қара Қобда**, Альпасай ауылы, Альпасай ауылынан 360 м. Шығысқа және Сары-Қобда өзенімен су қосылған жерден 18 км: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 58,5 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады. Су

температурасы 11°C, сутегі көрсеткіші 7,63, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,98 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,52 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Ембі өзені

- Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік-батыста: су сапасы 5 - класқа жатады: қалқыма заттар 19,51 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

- Саға ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион – 1,44 мг/дм³, магний – 91 мг/дм³. Аммоний-ионның, магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Ембі өзені бойынша су температурасы 14 – 15°C, сутегі көрсеткіші 8,01 – 8,04, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,1 – 9,21 мг/дм³, ОБТ₅ 0,77 – 1,49 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Ембі өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 78,4 мг/дм³, аммоний-ион – 1,4 мг/дм³. Аммоний-ионның және магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Темір өзені

- Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1303 мг/дм³, магний – 37,3 мг/дм³. Магний және минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Күлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,2 мг/дм³. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

Темір өзені бойынша су температурасы 9 – 11 °C, сутегі көрсеткіші 7,49 – 7,92, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,63 – 8,94 мг/дм³, ОБТ₅ 0,75 – 0,94 мг/дм³, мөлдірлігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Темір өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,75 мг/дм³. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

-**Ор өзені**, Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 65,9 мг/дм³, минералдану – 1359. Магнийдің, минерализация концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 11°C, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы 10,11 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,93 мг/дм³, мөлдірлігі – 12 см, иісі – 0 балл.

- **Ырғыз өзені**, Шеңбертал ауылы, ауылдан 8 км және темірбетон көпірден 1,2 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 83 мг/дм³, қалқыма заттар – 28,1 мг/дм³. Магнийдің, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 15,8°C, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,75 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,23 мг/дм³, мөлдірлігі – 14 см, иісі – 0 балл.

Шалқар көлі, Шалқар қ., Шалқар көлінің шығыс жақ жағасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 77 мг/дм³, қалқыма заттар – 22,12 мг/дм³. Магнийдің, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады. Су температурасы 13°C, сутегі көрсеткіші 8,00, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,98 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,71 мг/дм³, мөлдірлігі – 11 см, иісі – 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша қазан айы 2019 жылғы Ақтөбе облысы аумағындағы су объектілері келесідей бағаланады: 4 класс - Елек, Ембі, Ақтасты,

Қара Қобда, Ырғыз, Үлкен Қобда, Ор, Темір, Ойыл өзендері және Шалқар көлі; 5 класс – Қосестек, Қарғалы өзендері. (4-кесте).

2.6 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.4 сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,03-0,27 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.4 сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-2,2 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.4 сур. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі


3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречка к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі,548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	
2	Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы			
3	Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы			
4	№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы			
5	«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы			
6	Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы			



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары деңгейде** болып бағаланды, ол $СИ=6,3$ (жоғары деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №30 бекет аумағында («Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі, 202) және $ЕЖҚ=27\%$ (жоғары деңгей) азот диоксиді бойынша № 12 бекет аумағында (Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң) - 1,2 ШЖШ_{о.т.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері - 1,8 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері - 1,3 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 4,9 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 2,4 ШЖШ_{о.т.}, азот оксиді - 1,1 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид - 1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады. Ауыр металдардың шоғыры және басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ_{о.т.}-дан аспады.

Ластаушы заттарыдың максималды-бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң)-1,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 6,3 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 5,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ_{м.б.} аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

3.2 Талғар ауданы Талғар қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әзірбаев көшесі, №2 нүкте – Бокин көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары анықталды.

Ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.2-кесте).

3.2-кесте

Талғар қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _{mm} /м ³	q _m /ШЖШ	q _{mm} /м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,039	0,08	0,046	0,09
Күкірт диоксиді	0,018	0,04	0,019	0,04
Көміртегі оксиді	4,190	0,8	3,930	0,8
Азот диоксиді	0,006	0,03	0,002	0,01
Азот оксиді	0,005	0,01	0,007	0,02
Фенол	0,001	0,14	0,001	0,15
Формальдегид	0,002	0,04	0,002	0,03

3.3 Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Есік қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Тоқатаев көшесі, №2 нүкте – Абай көшесі, 87) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары анықталды.

Ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.3-кесте).

3.3-кесте

Есік қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _{mm} /м ³	q _m /ШЖШ	q _{mm} /м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма заттар (шаң)	0,037	0,07	0,036	0,07
Күкірт диоксиді	0,020	0,04	0,020	0,04
Көміртегі оксиді	2,980	0,6	2,990	0,6
Азот диоксиді	0,002	0,01	0,002	0,01
Азот оксиді	0,004	0,01	0,004	0,01
Фенол	0,001	0,14	0,001	0,13
Формальдегид	0,002	0,04	0,002	0,04

3.4 Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Түрген ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Құлмамбет көшесі, 1; №2 нүкте – Құлмамбет көшесі, 145) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары анықталды.

Ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.4-кесте).

3.4-кесте

Түрген ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма заттар (шаң)	0,035	0,07	0,038	0,08
Күкірт диоксиді	0,015	0,03	0,015	0,03
Көміртегі оксиді	3,100	0,6	3,100	0,6
Азот диоксиді	0,002	0,01	0,001	0,01
Азот оксиді	0,003	0,01	0,003	0,01
Фенол	0,001	0,13	0,001	0,13
Формальдегид	0,001	0,03	0,001	0,03

3.5 Іле ауданы Өтеген Батыр кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өтеген Батыр кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Пушкин көшесі, 31; №2 нүкте – Гагарин көшесі, 6) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары анықталды.

Ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.5-кесте).

3.5-кесте

Өтеген Батыр кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,094	0,01	0,041	0,08
Күкірт диоксиді	0,021	0,04	0,018	0,04
Көміртегі оксиді	3,940	0,8	3,350	0,7
Азот диоксиді	0,011	0,06	0,002	0,01
Азот оксиді	0,011	0,03	0,004	0,01
Фенол	0,009	0,92	0,001	0,14
Формальдегид	0,012	0,24	0,002	0,03

3.6 Қарасай ауданы Қаскелен қала үлгісіндегі кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әкімшілік, №2 нүкте – Аблай хан көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары анықталды.

Ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.6-кесте).

3.6-кесте

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,043	0,09	0,012	0,02
Күкірт диоксиді	0,023	0,05	0,159	0,32
Көміртегі оксиді	4,120	0,8	1,270	0,3
Азот диоксиді	0,003	0,01	0,013	0,07
Азот оксиді	0,005	0,01	0,014	0,03
Фенол	0,002	0,16	0,006	0,59
Формальдегид	0,002	0,04	0,009	0,18


3.7 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.7-кесте).

3.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жобаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, аммиак.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 22	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ тең 3,8 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 2 бекет аумағында (Қонаев к., 22) және $EЖҚ=5\%$ (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша № 1 бекет аумағында (Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, қалқыма бөлшектері (шаң) - 1,0 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттектердің мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектері - 2,4 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма заттектері (шаң) - 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді - 1,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді - 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі - 3,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.8 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 24 су объектісінде (Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шелек, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Құрты, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары, Үлкен Алматы, Балқаш, Алакөл көлінде) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы

өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Бірғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері Алакөл көліне құйылады.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Кіші Алматы өзені:

- Алматы қ., қаладан 11 км жоғары, су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер – 1,28 мг/дм. Фторидтердің концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Мехкомбинат тұстамасынан 0,5 км төмен, су сапасы 5 класқа жатады: фторидтер – 1,69 мг/дм. Фторидтер концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., қаладан 4,0 км төмен, су сапасы 4 класқа жатады: магний- 39,1 мг/дм. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

Кіші Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1-7,4°С аралығында, сутегі көрсеткіші -7,94-8,24, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы -11,2-12,7 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,98-1,12 мг/дм³, түсі – 4-6 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний- 21,8 мг/дм, темір(3+)-0,02 мг/дм³.

Үлкен Алматы өзені:

- Алматы қ., қаладан 9,1 км жоғары су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер – 1,23 мг/дм. Фторидтер концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., АХБК тұстамасынан 0,5 км төмен су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм³, фторидтер-0,76 мг/дм³. Марганец, фторидтер концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң., су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+) - 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Үлкен Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,4-4,4 °С аралығында, сутегі көрсеткішінің орташа мәні -7,97-8,04, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,9-11,8 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,7-1,4 мг/дм³, түсі – 4-7 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм³.

Есентай өзені:

- Алматы қ., Аль-Фараби даң., көпірден 0,2 км жоғары су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+) - 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Алматы қ., Рыскулов даң., көпірден 0,2 км жоғары, су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³, фторидтер-1,37 мг/дм³. Марганец, фторидтер концентрациясы фондық кластан асады.

Есентай өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,9-5,4 дейін, сутегі көрсеткіші – 7,98-8,1, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 11-12,5 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,99-1,29 мг/дм³, түсі – 6-8 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 2 класқа жатады: марганец - 0,011 мг/дм³, фторидтер-1,3 мг/дм³.

Текес өзенінде су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) – 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Су температурасы 0-4,4 °С аралығында, сутегі көрсеткіші - 7,98-8,16, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,9-12,5 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,6-1,2 мг/дм³, судың түстілігі – 5-7 градус, иісі – 0 балл.

Қорғас өзені:

- Басқұншы а., су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) – 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Ынталы заставаысу сапасы 4 класқа жатады: фосфаттар – 1,05 мг/дм³, темір (3+) – 0,022 мг/дм³. Фосфаттар концентрациясы фондық кластан асады, темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,3-5,5 °С аралығында, сутегі көрсеткішіні –7,85-7,99, суда еріген оттегі – 9,8-13,5 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,02-2,1 мг/дм³, түсі – 5-7 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 4 класқа жатады: фосфаттар – 0,83 мг/дм³, темір (3+) – 0,021 мг/дм³.

Іле өзенінде:

- Добын су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) – 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

- ГБ 164 км, Қапшағай ГЭС су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) – 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Үлбі өзені бойында су температурасы 3,0°С – 5,1°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,43-7,69, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,63-12,1 мг/дм³, ОБТ₅ 1,04-1,59 мг/дм³, түстілігі 5-18 градус, иісі 0 балл.

Үлбі өзені бойында су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар – 21,9 мг/дм³.

Глубочанка өзені:

- Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылығларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2- класқа жатады: марганец– 0,021 мг/дм³, нитрит-анион- 0,14 мг/дм³. Марганец пен нитрит-анионның концентрациясы фондық кластан асады.

- Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылығларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,135 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық кластан асады.

- Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау тұстамасы: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 23,2 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Глубочанка өзені бойында су температурасы 4,0 -4,3°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,24-8,26, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,02-11,15 мг/дм³, ОБТ₅ 0,98-1,33 мг/дм³. Түстілігі 19-20 градус. Иісі 0 балл

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: магний – 20,8 мг/дм³.

Красноярка өзені:

- Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылығлардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 26,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 24,4 мг/дм³. Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Красноярка өзені бойында су температурасы 3,3-3,8 °С, сутегі көрсеткіші 8,28-8,30, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,97-12,17 мг/дм³, ОБТ₅ 0,85-1,35 мг/дм³, түстілігі 13-24 градус, иісі 0 балл

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: магний – 22,6 мг/дм³.

Оба өзені:

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09) тұстамасы - су сапасы 5 - класқа жатады: қалқыма заттар – 15,8 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде;Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 5 - класқа жатады: қалқыма заттар – 18,9 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Оба өзені бойында су температурасы 5,9-6,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,76-7,78, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,43 – 11,67 мг/дм³, ОБТ₅ 0,89-1,19 мг/дм³, түстілігі 4-8 градус, иісі 0 балл.

Оба өзені бойында су сапасы 5-класқа жатады: қалқыма заттар – 17,3 мг/дм³.

Емел өзені:

Емел өзенінде су температурасы 6,6°С, сутегі көрсеткіші 8,29, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,04 дм³, ОБТ₅ 1,95 мг/дм³, түстілігі 57 градус, иісі – 0 балл.

Емель өз. тұстамасы су сапасы 4 класқа жатады: магний –26,9 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

2019 жылы 4-тоқсан бойынша Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1-класқа Қара Ертіс өзені; 3-класқа Глубочанка, Красноярка, Емел өзендері; 4-класқа Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, өзендері; 5 класқа –Оба өзені жатады. (4-кесте).

5.9 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

2019 ж. қазан айынан желтоқсан айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес.Қара Ертіс, Емел, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Глубочанка және Оба өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ.2019 жылдың 4 тоқсанында ең қолайсыз жағдай желтоқсан айында Үлбі өз. «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» және Глубочанка өз. «Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» және Краснояр өз. «Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09)» оң жағалау;өткір уыттылық тіркелді.

Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша барлық өзендер «*орташа ластанумен*» сипатталады.

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша 4 тоқсанда «*таза сулар*» санатына Кара Ертіс, Ертіс «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01),(09)» және «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» , Бұқтырма өз., Брекса өз., Тихая өз. «Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау», Үлбі өз. «Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау»; «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау»; «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі

көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау», Глубочанка өз. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» және Оба өз. жатқызылады.

«*Ластанған сулар*» қатарына Ертіс өз. «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)», Тихая өз. «Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау», Үлбі өз. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» жатқызылады. Қалған өзендер су сапасының III класына сәйкес, «*орташа ластанған сулар*».(Қосымша 5,5.1).

5.10 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.11 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,10-0,17 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

5.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.11-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.11 сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6. Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид,

				бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,көміртегі диоксиді, азот диоксиді,азот оксиді, озон (жербеті),күкірттісутегі, аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол $СИ=3,4$ қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша №2 бекет аумағында және $ЕЖҚ=7\%$ азот диоксиді бойынша №3 бекет аумағында анықталды. (1,2-сур.).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары $1,1 ШЖШ_{0,т}$, азот диоксиді – $1,8 ШЖШ_{0,т}$ құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы $ШЖШ$ дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір-реттік шоғырлары $3,4 ШЖШ_{м.б}$, PM-10 қалқыма бөлшектері – $1,7 ШЖШ_{м.б}$, көміртегі оксиді – $3,2 ШЖШ_{м.б}$, азот диоксиді – $1,9 ШЖШ_{м.б}$, күкіртті сутегі – $1,4 ШЖШ_{м.б}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары $ШЖШ$ -дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша және СИ=1,9 (төмен деңгей) болып анықталды (1,2- сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Азот диоксиді мен озонның (жербеті) орташа шоғырлары 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады. (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=3,6 (көтеріңкі деңгей) PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды. (1,2- сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлары 3,5 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды. Ол СИ=1,3 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды бір-реттік шоғыры 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол $EЖҚ=1\%$ (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша және $СИ=1,5$ (төмен деңгей) анықталды (1,2 сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғырлары 1,0 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 3,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды бір-реттік шоғыры 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы).

Шу, Талас және Асса өзендерінің бассейні ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөркен а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 46,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 57,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 66,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 49,3 мг/дм³, темір(3+) – 0,03 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады, темір(3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³, темір(3+) – 0,03 мг/дм³.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2,0-19,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 8,36-9,94 мг/дм³, ОБТ₅ 1,20-3,02 мг/дм³, түсі 5-10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 51,47 мг/дм³.

Асса өзені:

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 54,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,0 мг/дм³.

Асса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 1,4-10,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 9,10-11,4 мг/дм³, ОБТ₅ 1,29-3,31 мг/дм³, түсі 5 градус, иісі – 0 баллды құрады.

Асса өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 49,25 мг/дм³. **Берікқара өзені** су температурасы 2,8⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80, суда еріген оттегінің шоғыры 10,9 мг/дм³, ОБТ₅ 2,79 мг/дм³, түсі 5 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 30,0 мг/дм³, темір(3+) – 0,03 мг/дм³. Темір(3+) және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Билікөл көлінің су температурасы 2,6-17,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,50-8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 8,73-9,27 мг/дм³, ОБТ₅ 9,45-14,2 мг/дм³, түсі 5 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама "Ветерок" демалыс аймағы (Жаңаөткел а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 93,0 мг/дм³, ОБТ₅ – 11,7 мг/дм³, ОХТ – 55,4 мг/дм³. ОБТ₅ және ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Шу өзені

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 172,8 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Д.Конаева а. 0,5 км төменде: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,2 мг/дм³, темір(3+) – 0,03 мг/дм³.

Шу өзенінің ұзындығы бойынша температурасы 3,6-16,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,25, суда еріген оттегінің шоғыры 8,41-11,8 мг/дм³, ОБТ₅ 3,30-5,56 мг/дм³, түсі 10 градус, иісі – 0 балды құрады.

Шу өзенінің су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір(3+) – 0,085 мг/дм³, фенолдар – 0,0015 мг/дм³.

Ақсу өзенінің су температурасы 2,2-13,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 10,0-12,1 мг/дм³, ОБТ₅ 3,92-5,78 мг/дм³, түсі 10 градус, иісі – 0 балды құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 330,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Қарабалта өзені су температурасы 1,8-19,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіш 7,90-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 8,76-12,2 мг/дм³, ОБТ₅ 3,40-3,68 мг/дм³, түсі 10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 202,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы 1,8-14,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 9,57-11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 4,0-4,30 мг/дм³, түсі 10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 117,7 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 1,8-11,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 9,22-12,7 мг/дм³, ОБТ₅ 4,54-4,76 мг/дм³, түсі 10 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 84,1 мг/дм³, ОХТ – 30,5 мг/дм³, сульфаттар – 425,7 мг/дм³, темір(3+) – 0,04 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады, ОХТ, сульфаттар, фенолдар және темір(3+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

Тасөткел су қоймасы су температурасы 3,8⁰С, сутегі көрсеткіші 7,65, суда еріген оттегінің шоғыры 10,3 мг/дм³, ОБТ₅ 4,96 мг/дм³, түсі 5 градус, иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 69,0 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың 4 тоқсанында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: (>3 класс) – Шу өзені; 4 класс – Берікқара және Сарықау; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Асса, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі. (4-кесте).

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,22 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 2,2 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7. Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=3,9 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №3 бекет аумағында және ЕЖҚ=5% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №5 бекет аумағында (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,9 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаған өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

**Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры**

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ПЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ПЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0970	0,3232	0,0611	0,2037
Күкірт диоксиді	0,0065	0,0131	0,0039	0,0078
Көміртегі оксиді	1,9763	0,3953	1,3954	0,2791
Азот диоксиді	0,0179	0,0895	0,0179	0,0895
Азот оксиді	0,0195	0,0488	0,0168	0,0420
Күкіртті сутегі	0,0021	0,2625	0,0021	0,2625
Көмірсулар	28,919	-	20,221	-
Аммиак	0,0158	0,0792	0,1911	0,9555
Формальдегид	0,00	0,00	0,00	0,00
Бензол	0,0591	0,1970	0,0271	0,0903


7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербеті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон(жербеті)



7.2-сурет. Аксай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=3,5 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №4 бекет аумағында және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №7 бекет аумағында анықталды (1,2 - сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары 1,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.4 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.5-кесте).

7.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) атмосфералық ауасының жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды. Ол $СИ=1,1$ (төмен деңгей) және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1,2- сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Озонның (жербеті) максималды-бірлік шоғыры $1,1$ ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.5 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.6-кесте).

7.6 -кесте

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m ЛДЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0752	0,2507
Күкірт диоксиді	0,0007	0,0014
Көміртегі оксиді	0,5634	0,1127
Азот диоксиді	0,0178	0,0890
Азот оксиді	0,0415	0,1038
Күкіртті сутегі	0,0017	0,2150
Көмірсулар	17,3	-
Аммиак	0,0098	0,0492
Формальдегид	0,00	0,00
Бензол	0,0003	0,001

7.6 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 9 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендерінде, Көшім су арнасында және Шалқар көлінде жүргізілді.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 23 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.
- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,66 мг/дм³ Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.
- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,66 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.
- тұстама Көшім ауылы: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Тайпақ ауылы: су сапасы 3 класқа жатады ОБТ₅– 3,20 мг/дм³. ОБТ₅ концентрациясы фондық кластан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,1-11,2 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,29-7,62 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 8,05-11,2 мг/дм³, ОБТ₅ орташа 1,56-3,20 мг/дм³ құрады, түсі 5-13 градусқа дейін; иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 21,72 мг/дм³

Шаған өзені:

- тұстама Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары.: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Чувашинский ауылы: су сапасы 3 класқа жатады: магний - 20,4 мг/дм³, ОБТ₅– 3,30 мг/дм³. ОБТ₅ концентрациясы фондық кластан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 0,1-10,5°C, сутек көрсеткіші 7,42 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 9,66мг/дм³, ОБТ₅ орташа 2,84 мг/дм³ құрады, түсі-11-13градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Деркөл өзені:

– тұстама Селекционный ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер -367,4 мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық кластан асады.

– тұстама Ростоши ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер - 386,41 мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 0,1-10,5°C, сутегі көрсеткіші 7,63құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,16 мг/дм³, ОБТ₅ 2,58 мг/дм³ құрады, түсі-13градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Деркөл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 372,2 мг/дм³.

Елек өзені:

– тұстама Шілік ауылы: су сапасы 5 класқа нормаланбайды(>5 класс): хлоридтер – 354,4мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.

Елек өзені бойынша су температурасы 15,0°C, сутегі көрсеткіші 7,27 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,9 мг/дм³, ОБТ₅ 3,23 мг/дм³ құрады, түсі-13 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Шыңғырлау өзені:

– тұстама Григорьевка ауылы: су сапасы нормаланбайтын 5 класқа жатады: хлоридтер–693,04 мг/дм³ Хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шыңғырлау өзені бойынша су температурасы 15,0 °C, сутегі көрсеткіші 7,26 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,29 мг/дм³, ОБТ₅ 3,14мг/дм³ құрады, түсі-13 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Сарыөзен өзені:

– тұстама Бостандық ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5класс): хлоридтер – 361,59мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.

Сарыөзен өзені бойынша су температурасы 5,3 °C, сутегі көрсеткіші 7,67 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,06 мг/дм³, ОБТ₅ 2,37 мг/дм³ құрады, түсі-11 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Қараөзен өзені:

– тұстама Жалпақтал ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5класс): хлоридтер – 1800,86мг/дм³. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан асады.

Қараөзен өзені бойынша су температурасы 7,2 °C, сутегі көрсеткіші 7,68құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,67 мг/дм³, ОБТ₅ 2,36мг/дм³ құрады, түсі-11 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Көшім су арнасы :

– тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар - 22 мг/дм³. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 3,9 °C, сутегі көрсеткіші 7,62құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,50 мг/дм³, ОБТ₅ 1,63мг/дм³ құрады, түсі-11 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Шалқар көлі:

– тұстама Рыбзавод ауылы: су сапасы нормаланбайды(>5 класс): магний – 199,2 мг/дм³, хлоридтер – 2304 мг/дм³. Магний және хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шалқар көлі бойынша су температурасы 12,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,24 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,45 мг/дм³, ОБТ₅ 2,42 мг/дм³ құрады, түсі-12градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы 4 тоқсанмен Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 1 класс - Шаған өзені; 4-класс – Жайық өзені, Көшім су арнасы; нормаланбайды(>5 класс): – Деркөл, Елек, Сарыөзен, Шыңғырлау, Қараөзен өзендері, Шалқар көлі.(4кесте).

7.7 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ)және Ақсай (№4 ЛББ) Автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.7 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07 – 0,24 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8. Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5		үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері,

			күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6	әр 20 минут сайын	Архитектурная көшесі, 15/1, (Прокуратура аумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті), радиациялық гамма фон қуаттылығы
8		3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегінің сомасы, метан



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=6,2 (жоғары деңгей) күкіртсутегі бойынша №8 бекет аумағында (3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)), ЕЖҚ=29% (жоғарғы деңгей), көміртегі оксиді бойынша №4 бекет аумағында (Бирюзов көшесі, 15 (Жаңа Майкұдық)) анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{0.т.}, фенол – 1,6 ШЖШ_{0.т.}, формальдегид – 1,4 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: PM 2,5 қалқыма бөлшектері – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, PM 10 қалқыма бөлшектері – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,0

ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі– 6,2 ШЖШ_{м.б.} фенол – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында ауаның ластануын бақылау 1 бекетте жүргізілді (*№1 бекет – Пришахтинск ауданы*).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, С₁-С₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылаулар нәтижесі бойынша фенолдың максималды бір реттік айлық шоғырлары 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады. Басқа ластаушы заттардың максималды бір реттік айлық шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылаулар мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспа	q _m мг/м ³	q _m / ШЖШ _{м.б.}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,090	0,18
Күкірт диоксиді	0,054	0,11
Көміртегі оксиді	2,200	0,44
Азот диоксиді	0,034	0,17
Азот оксиді	0,072	0,18
Күкіртсутегі	0,007	0,88
Фенол	0,010	1,00
С ₁ -С ₁₀ көмірсутектері	62,200	
Аммиак	0,050	0,25
Формальдегид	0,000	0,00

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында ауаның ластануын бақылау 2 бекетте жүргізілді (*№1 нүкте – ЖЭО – нан 3км су айдауыш станциясына қарай (Шахтинск ЖЭО әсері) №2 нүкте солтүстік өнеркәсіптік аймақ (Стандартты емес жабжық және шағын механикаландыру зауытының, Қазақстан, Шахтинск, Ленин атындағы шахталарының әсері)*).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, С₁-С₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді –1,0 ШЖШ_{м.б.} фенол –1,1 ШЖШ_{м.б.}; №2 нүктеде максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.3-кесте).

**Шахтинск қаласының бақылаулар мәліметі бойынша
ластаушы заттардың максималды шоғырлары**

Анықталатын қоспа	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ _{м.р}	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ _{м.р}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,100	0,20	0,100	0,20
Күкірт диоксиді	0,074	0,15	0,018	0,04
Көміртегі оксиді	2,300	0,46	2,200	0,44
Азот диоксиді	0,021	0,11	0,021	0,11
Азот оксиді	0,041	0,10	0,024	0,06
Күкіртсутегі	0,009	1,13	0,006	0,75
Фенол	0,015	1,50	0,009	0,90
С ₁ -С ₁₀ көмірсутектері	58,000		61,000	
Аммиак	0,024	0,12	0,024	0,12
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

**8.4 Топар кентінің эпизодтық бақылаулар мәліметі бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Топар кентінде ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте - *Мира мен Сарыарқа көшесінің қиылысында*).

Өлшенген бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, бензол, С₁-С₁₀ көмірсутектері, аммиак, хлорлы сутегі, озон (жербеті) шоғыры өлшенеді.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді – 2,5 ШЖШ_{м.б.}, бензол – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (8.4-кесте).

8.4-кесте

**Топар кентінің бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспа	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ _{м.б}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,100	0,20
Күкірт диоксиді	0,028	0,06
Көміртегі оксиді	12,700	2,54
Азот диоксиді	0,017	0,09
Азот оксиді	0,017	0,04
Күкіртті сутегі	0,009	1,13
Бензол	0,423	1,41
С ₁ -С ₁₀ көмірсутектері	72,100	
Аммиак	0,022	0,11
Озон (жербеті)	0,022	0,14
Хлорлы сутегі	0,005	0,03

8.5 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді. №1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлы бақылау жүйесі деректері бойынша (8.6-сур.), атмосфералық ластану деңгейі **жоғары** болып

бағаланды, оның шамасы №2 бақылау орнының (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) ауданында күкіртті сутегі бойынша СИ= 7,5-ке (жоғары деңгей) және №2 бақылау орнының (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) қалқыма бөлшектер РМ2,5 бойынша ЕЖҚ=4%-ға (көтеріңкі деңгей) тең.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштерінің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектер (шаң) РМ - 2,5 - 2,1 ШЖШ_{от}, бөлшектер (шаң) РМ10-1,3 ШЖШ_{от}, Озон (жербеті) -1,3 ШЖШ_{от}, қорғасын – 1,5 ПДК_{от}. қалған ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ_{от}-дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы – 4,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртсутегі бойынша – 7,5 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) - 1,8 ШЖШ_{м.б.} қалқыма бөлшектер РМ - 2,5 бойынша – 5,7 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) РМ - 10 бойынша – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 5,4 ШЖШ_{м.б.} озон (жер беті) – 1.1 ШЖШ_{м.б.}, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

8.6 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауа ластануың бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте –17 орамы, "Фудмарт" дүкенінің ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткішінің ауданы; №3 нүкте –«Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектердің (шаң), аммиактың, бензолдың, күкірт диоксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, озонның, хлор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Қалған анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген норма шамасында болды (8.6-кесте).

8.6-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Аммиак	0,006	0,030	0,018	0,90	0,007	0,035
Бензол	0,025	0,08	0,018	0,06	0,020	0,07
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,047	0,094	0,198	0,396	0,108	0,216
Күкірт диоксиді	0,133	0,266	0,271	0,542	0,267	0,535
Азот диоксиді	0,030	0,15	0,008	0,040	0,007	0,035
Азот оксиді	0,005	0,013	0,005	0,013	0,006	0,015
Көміртегі оксиді	7,57	1,51	7,58	1,52	9,96	1,99
Көміртегі диоксиді	715		567		815	
Күкіртті сутегі	0,0050	0,6250	0,006	0,75	0,007	0,875
Көмірсутегі сомасы	10,1		7,58	1,52	9,2	
Озон (жербеті)	0,006	0,038	0,006	0,038	0,006	0,267

Хлорлы сутегі	0,005	0,030	0,017	0,09	0,004	0,02
---------------	-------	-------	-------	------	-------	------


8.7 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкіртті сутегі,озон (жербеті), аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ = 36 % (жоғары деңгей) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша № 3 – бекеттің аумағында (*Желтоқсан көшесі, 6, Metallургтар алаңы*) және СИ = 2,3 (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 3 – бекеттің аумағында (*Желтоқсан көшесі, 6, Metallургтар алаңы*) анықталды.

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,7 ШЖШ_{0.т.}, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{0.т.}, аммиак – 2,2 ШЖШ_{0.т.}, фенолдың – 2,3 ШЖШ_{0.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 2,1 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.8 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.8-кесте).

8.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



8.4сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2,5 (көтеріңкі деңгей) №1 бекет

аумағында (Саран көшесі, 28а) күкіртсутегі бойынша анықталды және ЕЖҚ=1% анықталды.

Озонның (жер беті) орташа айлық шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: күкіртсутегі– 2,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2ШЖШ_{м.б.} азот оксиді – 1,1ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.9 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.9-кесте).

8.9- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак,сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.9-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғарғы** болып бағаланды, оның шамасы №2 бақылау орнының (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) ауданында күкірт диоксиді бойынша СИ = 6,8-ге (жоғарғы деңгей) және №2 (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек), күкіртсутегі бойынша ЕЖҚ = 24%-ға (жоғары деңгей) тең.

